

МРНТИ 16.21.41

Б.Қасым

Абай атындағы ҚазҰПУ, Мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Алматы, Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Аннотация: Түркі тілдеріндегі күрделі етістік жайлы зерттеуісі XIX ғасырдың басында, түркі тілдерінің алғашқы грамматикалары жасала бастаған кезде қолға алынды. Түркі тілдеріне байланысты материалдарды жинап, құнды тұжырымдар айтқан зерттеушілер Н.И.Ашмарин, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов еңбектерінің тіл ғылымының дамуында өзіндік үлесі бар. Әсіресе, олардың сөзжасамға байланысты тұжырымдаған ғылыми қағидаларының маңызы ерекше. Мақалада жалпы түркі тілдеріндегі күрделі етістікті жаңа бағытта когнитивтік тұрғыдан зерттеу қажеттігі туралы айтылады. Себебі етістіктің семантикалық табиғаты көпқырлы, оның функционалды-прагматикалық қызметі түркі тілдерінің өз ерекшелігіне сай түрлі болуы заңды құбылыс. Жалпы түркі тілдеріндегі күрделі етістікке жаңа контексте когнитивті көзқарас қажеттілігі қарастырылады. Етістіктің семантикалық табиғаты әртүрлі болғандықтан және оның функционалды-прагматикалық қызметі семантикалық түркі диалектісінен оның ерекшелігіне байланысты өзгешеленеді.

Тірек сөздер: түркі тілдері, күрделі етістіктер, аналитикалық тәсіл

Б.Қасым

Заведующий кафедрой государственного языка КазНПУ им. Абая,
доктор филологических наук, профессор,
Алматы, Казахстан

МНЕНИЯ О СЛОЖНЫХ ГЛАГОЛАХ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация: Исследование сложного глагола в тюркских языках было начато в начале XIX века, когда начали создаваться первые грамматики тюркских языков. Научные труды Н.И.Ашмарина, П.М.Мелиоранского, В.В.Радлова, собравших материалы по тюркским языкам и сделавших ценные выводы, внесли свой вклад в развитие языкознания. Особое значение имеют научные принципы, сформулированные ими в связи с словообразованием. В статье говорится о необходимости когнитивного исследования сложного глагола в тюркских языках в новом направлении. Так как семантическая природа глагола многогранна, естественно, что его функциональная и прагматическая функция варьируется в зависимости от особенностей тюркских языков. В целом в тюркских языках рассматривается необходимость когнитивного подхода к сложному глаголу в новом контексте. Поскольку семантическая природа глагола разнообразна, его функционально-прагматическая функция отличается от семантического тюркского диалекта в силу его специфики.

Ключевые слова: тюркские языки, сложные глаголы, аналитический метод

B.Kasym

Head of the Department of State Language KazNPU named after Abai,
Doctor of philological sciences, Professor,
Almaty, Kazakhstan

VIEWS CONCERNING COMPLEX VERBS IN TURKIC LANGUAGES

Abstract: The article considers the need of the cognitive approach in the new context to a complex verb in common Turkic languages. As the semantic nature of the verb is diverse, and its functional and pragmatic activity differs from the semantic Turkic dialect depending on its specifics. The article discusses the need for a cognitive approach in a new context to a complex verb in common Turkic languages. Since the semantic nature of the verb is diverse, and its functional and pragmatic activity differs from the semantic Turkic dialect, depending on its specificity. The study of the compound verb in the Turkic languages began at the beginning of the 19th century, when the first grammars of the Turkic languages began to be created. Scientific works of N.I. Ashmarin, P. M. Melioransky, V. V. Radlov, who collected materials related to the Turkic languages, have their own contribution to the development of linguistic science. Of particular importance are the scientific principles formulated by them in connection with word formation. The article talks about the need for cognitive research of a complex verb in Turkic languages in a new direction. Since the semantic nature of the verb is multifaceted, its functional and pragmatic activity is a natural phenomenon, which corresponds to its specificity of the Turkic languages. In general, in the Turkic languages, the need for a cognitive approach to a complex verb in a new context is considered. The semantic nature of the verb is diverse and its functional-pragmatic function differs from the semantic Turkic dialect in its peculiarity.

Keywords: Turkic languages, complex verbs, analytical approach

Күрделі етістік тілде кең қолданылатын құбылыс болғандықтан, оны назардан тыс қалды деуге болмайды. Түркі тілдеріндегі күрделі етістік жайлы зерттеу ісі ХІХ ғасырдың басында, түркі тілдерінің алғашқы грамматикалары жасала бастаған кезде қолға алынды. Бұл жерде, ең алдымен, И.Гигановтың есімін атауға болады, ғалым «Татар тілінің грамматикасы» деген еңбегінде күрделі етістіктің екі етістіктен жасалатынын, оның алғашқы сыңарының *-б* немесе *-а/-й* түріндегі көсемшеге аяқталатынын айтқан болатын [1, 45]. Бұл көзқарасты А.Архангельский де қолдады. А.Архангельский түркологтардың ішінде алғаш рет етістіктердің күрделі етістік деп аталатын түрі тек аналиткалық тәсілмен жасалатынын айтты.

Ұқсас көзқарастардың ішінде М.Қазамбек күрделі етістікте (составной глагол) сөзжасамдық қасиет бар екенін анықтап, оны тұтас қалпында бір сөз ретінде таниды, оған дұрыс анықтама береді [2, 1846]. Күрделі етістіктің біраз мәселесі негізгі саны болмаса да, оның кейбір жақтары кейбір зерттеушілердің еңбектерінде ұқсас құбылыстармен бірге қаралып, талданды. Бұл тұжырымдар тілдің сол кездегі тұрғысынан қарағанда, құнды пікірлер.

О.Бетлинг түркі тілдеріндегі аналитикалық құрылымға басқаша көзбен қарайды. Ол аналитикалық форманы аффикс немесе морфема ретінде қарастыру-дың дұрыстығына күдік келтіреді. Автор аналитикалық конструкцияны перифрастикалық жасалым деп атайды. О.Бетлингтің пікірі бойынша, аналитикалық формалар – есімшеге немесе қимыл есіміне көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздер [3, 1964].

Түркі тілдеріне байланысты материалдарды жинап, құнды тұжырымдар айтқан зерттеушілер Н.И.Ашмарин, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов еңбектерінің тіл ғылымының дамуында өзіндік үлесі бар. Әсіресе, олардың сөзжасамға байланысты тұжырымдаған ғылыми қағидаларының маңызы ерекше. Мұнда олар күрделі сөздерге, сөзқосымға (словосложение) қатысты нақтылы деректер береді.

Сөзжасам арқылы жасалған етістік құрамдары алғашқы грамматикалардың бәрінде де сөз болады. Ең алғаш осы мәселені зерттегендердің бірі М.А.Қазамбек, кейініректе Н.И.Ашмарин т.б. өздерінің зерттеулерінде есім мен етістіктен болған сөзқосымға толық анықтама береді.

Түркітануда күні бүгінге дейін нақты күрделі етістікті зерттеген арнайы монографиялық еңбек жоқ. Бірақ етістікті сөзжасамға байланысты немесе аналитизмге арналған

пікірлер мен талдаулар бар. Бұл арада түркологтардың біраз еңбегін атауға болады. Солардың ішінде, әсіресе, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, А.А.Юлдашев, А.М.Щербак, С.Н.Муратов, Б.О.Орузбаева, Д.М.Насилов, Ф.А.Ганиев, Н.К.Дмитриев, Н.П.Дыренкова, А.К.Алекперов, Д.Г.Тумашева, Н.Оралбай, А.Т.Тыбыкова, А.Ысқақов т.б. тәрізді тіл мамандарының еңбектерін атаған жөн.

Қазіргі таңда түркі халықтардың мамандары бұл мәселені басқа мәселелерді зерттеу үстінде, түркі тілдерінің грамматикаларында күрделі етістіктер туралы пікірлер айтып жүр. Ф.Р.Зейналов: «Сөзжасамның аналитикалық тәсілі, соның ішінде күрделі етістіктер – қазіргі түркі тілдерінде көкейтесті мәселе. Зерттеушілер бұл тақырыпты айқындауда бір көзқараста болмай отыр. Сырттай құрылымы мен формасы ұқсас құбылыстар бірге қарастырылып жүр. Көптеген түркологтар аналитикалық тәсілмен жасалған сөздердің бәрін күрделіге жатқызады» [4, 129] деген. Сондай-ақ, Ф.А.Ганиев те осы пікірді әрі қарай толықтыра түседі: «Татар тіл білімінде ғана емес, жалпы түркологияда күрделі сөздердің жігін құрандылардан ажырату белгілерін көптеген авторлар етістікке байланыстыра (алып бару «неси» сияқты етістіктерді) сөзжасам жүйесінде тіпті қарамайды да... Осыдан барып күрделі сөздердің барлық түрлерін зерттеу міндеттері [5, 2] туады» дегенді айтады. Күрделі етістік туралы пікір алалығы осы проблеманың арнайы зерттелмеуіне байланысты деп ойлаймыз. Себебі күрделі етістік туралы жаңа көзқарастар көбіне басқа мәселелерді зерттеу кезінде айтылған, сондықтан олар бүкіл түркітануда танылды деу қиын. Түркологтардың жеке тілдерге арналған грамматикалары ертеректе бұрынғы ескі ізбен жазылған. Мысалы, алғашқы грамматикаларда күрделі етістікке: «Күрделі етістік әдетте негізгі және көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады» деген анықтама берілген. Күрделі етістіктің бұл анықтамасы түркітануда кең тараған анықтама болды. Кейін бұл көзқарастың АФ-қа тән екені анықталып, дәлелденсе де, осы қағида ғалымдардың пікірлерінде әлі де болса сақталып келеді. Бірақ түркітануда жаңа көзқарастар түрлі қимылдың өту сипаты, немесе модальділік категориясымен байланысты КЕ-тің негізгі қызметі мен табиғатын ажырататын грамматикалық АФ-тер арқылы мәселелер анық байқалады.

Атап айтқанда, пікірлердің бірқатарына күрделі етістік категориясына құрамында екі етістігі бар және есім етістіктен тұратын етістіктердің бәрі жатады деген көзқарас тән болды. Бұл саладағы зерттеулер жалпылама сипатта болды да, көбінесе мәселенің ішкі сырына үңілу жағы жетіспеді. Осы орайдағы лингвистикалық әдебиетте күрделі етістік деп етістіктің аналитикалық тәсілмен жасалған түрін айтағын. Бұл көзқарас ғылыми әдебиетке де, оқулықтарға да енді. Сол кездегі зерттеулерге тән қасиет терминнің жалпылама қолданылуы, «күрделі етістік» деген ұғымға құранды етістік те, сонымен қатар етістік пен етістіктің тіркесуінен жасалған грамматикалық конструкциялар, етістікті оралымдар, аналитикалық көмекшілер де енді. Сол сияқты етістікті тұрақты тіркестер де күрделі етістік деп танылып жүрді. Бұл зерттеулерде, көбінесе, күрделі етістіктің жасалу тәсілі, оның пайда болуы қарастырылады. Бұл ретте, Н.П.Дыренкова, И.А.Батманов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Баскаков, Л.Н.Харитонов, Б.Орузбаева, В.Г.Егоров, Р.А.Аганин, Р.Р.Юсупова, т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Зерттеушілер күрделі етістікті сөз еткенде, әдетте, оны мазмұн-мағынасының тұтастығына көңіл бөле бермейді де, тек олардың жасалу заңдылығын талдаумен шектеледі. Олардың ішінде аналитикалық тәсілмен жасалған түрлі тілдік құбылыстар бірге қаралады. Мысалы, Н.А.Баскаков өзінің қарақалпақ тілі туралы еңбегінде аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі етістіктерді екіге бөліп қарайды, біріншісі – құранды етістіктер, яғни есім мен етістіктен жасалған және көсемше мен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалғандар, екіншісі – күрделі етістіктер [6, 323].

Бұндай пікірді түркімен тілінің маманы А.Х.Байлиев пен ұйғыр тілінің маманы Ш.Кибилов те қолдайды: Олар 1) есім мен етістіктің тіркесуінен; 2) көсемше мен көмекші етістіктердің тіркесуінен жасалған етістіктер деп бөледі. Ал оны, А.Х.Байлиев «Сложные глаголы в туркменском языке» деген еңбегінде: «Сложный глагол состоит

обычно из двух слов... Основное слово никогда не подвергается изменению, остается всегда неизменным. В качестве основного слова вступают имена в неопределенном падеже и глаголы в деепричастной форме» [7, 51] деген пікірінен анық көреміз. Сонымен қатар, бұлар көмекші етістік өзінің дербес мағынасын сақтайтынын да айтады. Бір топ түркологтар «есім+көмекші етістік» моделімен жасалған сөздерді құранды (составные) етістіктер деп атайды. Олар есім+көмекші етістік үлгісімен жасалған етістіктердің сынарлары етістіктен жасалған күрделі етістіктерден өзгеше екенін дәлелдеген.

Н.К.Дмитриев башқұрт тілінің грамматикасында күрделі етістік жайлы былай дейді: «Вспомогательный глагол «делать» и «быть»... он употребляется при именах... и образует от них глаголы, т.е. выполняет роль некоего словообразовательного элемента. Примеры хекем итеу (суждение+делать) т.е. судить, выносить решения» [8, 194]. Бұл арада ғалымның құранды етістіктің жасалуы туралы айтып отырғаны көрінеді. Күрделі етістік деген терминді Н.К.Дмитриев қолданбайды. Көмекші етістік деген терминді тек құранды етістіктермен байланысты қолданады.

Ал етістік+етістік типтегі қолданысты тек вид категориясымен байланысты ғана берген, бірақ онда көмекші етістік деген терминді қолданбайды.

Б.О.Орузбаева өзінің «Словообразование в киргизском языке» деген еңбегінде бұрынды-соңды айтылған пікірлерді жинақтап, нақтылы тілдік деректерді талдап, күрделі етістікке өзінше анықтама берген. Ол күрделі етістіктің негізгі белгісі – күрделі сөздің белгісінен шығу керектігін айта келе: «Главными признаками, позволяющими отнести их в разряд сложных, являются степень лексикализации...» [9, 73] – дейді. Себебі тіл білімінде қалыптасқан күрделі сөздің принциптеріне сәйкес айтылған ғылыми концепция күрелі етістікті аталым ретінде қарастырумен ұштасып жатыр. Сонымен қатар, автор «есім+етістік» және «көсемше+етістік» жайын жеке-жеке талдай келе, екеуінің айырмашылығын көрсетеді. Тілдік фактілердің сырттай тұлғалық жағынан ұқсас болғанымен, іштей мағынасы үндес келмейтінін айтады.

Б.Орузбаева күрделі етістікті талдай келе, оған мынадай анықтама береді: «... для сложных глаголов характерны переносность семантики, устойчивость и во многих случаях невозможность изолированного, самостоятельного употребления каждого компонента...» [9, 74]. Бұл жерде «переносность» деп отырғаны – күрделі етістіктің жаңа мағынасы туралы пікірі. Автор мынандай мысалдар келтіреді: келе кет – зайти по пути, тұра тұр – подождать, жаза сал – написать [9, 72] т.б. Осы жерде ғалымның айтқан тұжырымына сәйкес келмейтін тілдік деректер де бар. Әрине, бірінші деректегі (келе кет) беретін мағынасы мен қызметіне сәйкес күрделі етістікке жатқызып, соңғыларын (тұра тұр, жаза сал) аналитикалық формаға қосар едік.

Осындай ой-пікірді чуваш тілінің маманы В.Г.Егоров та қолдайды. Ол күрделі етістікті екі түрге бөліп қарайды да, екінші топқа көсемше мен көмекші етістіктің тіркесінен жасалған етістіктерді жатқызады. Мысалы: кирг. қайтарып бер – «отдать», «возвратить», кирип чык – «заходить», зайти, алып кел – «принести»; каз. алып кел – «принести», алып кет – «унести, увести», шығып кет – «выйти», алып таста – «выбросить», қайтарып бер – «возвратить», алып бер – «подать»; к-калп. алып кел – «принести», айналып өт – «обойти»; ног. барып кел – «сходить», сатып ал – «купить»; гаг. учуп гит – «улететь»; тув. чедирип бээр – «отнести»; кум. байып кет – «разбогатеть», уруп сал – «ударить», батып қал – «завязнуть»; кирг. ырдап жібер «запеть» [10, 106] т.б. күрделі етістіктерді келтіреді. Зерттеушінің көзқарасы қалыптасқан дәстүрден біршама ілгері шығып, күрделі етістіктің лексикалық тұлға екеніне көңіл бөлген. Осындағы мысалдардың біразын кейбір тілшілер етістікті еркін сөз тіркесіне жатқызады. Ал, шын мәнінде, осы келтірілген мысалдар – лексикалық бірлік ретінде қолданылатын аталымдар. Әрине, соңғы мысалдарда байып кет, уруп сал, ырдап жібер дегендер негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалып, қимылдың түрлі өту дәрежесін білдіреді де, -п кет, -уп сал, -п жібер аналитикалық формантқа жатады.

Ал, А.Н.Кононов, А.А.Юлдашев, А.Т.Тыбыкова, А.К.Алекперов, Ф.А.Ганиев, Н.Оралбай тәрізді ғалымдардың еңбектерінде бұған қарағанда өзгешелеу көзқарастың нышаны байқалады. Ғылыми зерттеулерде түркі тілдерінде аналитикалық формалы етістіктің бар екені дәлелденді.

Н.Оралбаева, М.М.Текуев, Д.Г.Тумашева т.б. зерттеушілер күрделі етістікті сөзжасамға жатқызады, күрделі етістіктің құрылымына, семантикалық мағынасына баса назар аударады. Олар күрделі етістіктің ұқсас тілдік құбылыстардан табиғаты өзгеше проблема екенін тани білді. Сондықтан, олардың жігін ажырату мақсатында арнайы еңбектер мен монографиялар, ғылыми мақалалар жазылды.

Бұл мәселе төңірегінде А.Н.Кононов пікірінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол өзінің «Грамматика современного узбекского литературного языка» деген еңбегінде күрделі етістікке құранды етістікті жатқызады: «Сложные глаголы (или глаголы аналитического типа) – лексико-синтаксические комплексы, составляющие которых выступают глаголы қилмоқ, эт-моқ, очень редко айла-моқделать и бўлмақделатъся, становъся. Лексическая часть сложного глагола является носителем исходного лексического значения, она состоит из одного слова, принадлежащего к любой части речи (за исключением личных и деепричастных форм глагола), ... лексической частью может быть также словосочетание» [11, 259]. Күрделі етістікке А.Н.Кононов жабоп бермоқ (жауап бермек) сияқты сөз тіркестерін де жатқызады. Ал етістік+етістік құрамдағы күрделілерді күрделі етістікке кіргізбейді, күрделі етістік деген тақырыпта әңгіме тек жоғарыда айтылған құранды етістіктер туралы ғана болған.

Бұндай құрамдағы етістіктерді А.Н.Кононов «Формы глагола, выражающие характер протекания действия» деп атап, сөзжасамға қоспайды. А.Н.Кононов бұндай құрамдағы етістіктердің бірінші сынары (көсемше) лексикалық мағынаны білдіреді дейді, екінші сынары туралы пікірін өз сөзімен келтірейік: «Второй элемент – глагол – выполняет служебную роль: модифицирует лексическое значение первого элемента, осложняя его оттенками мгновенности, динамичности, длительности, инхотивности (т.е. начинательности), повторяемости, многократности, направленности действия (к говорящему от говорящего), целеустремленности действия (для субъекта, для объекта), возможности, невозможности или выражением способов, образа совершения действия» [11, 263].

А.Н.Кононов өзбек тілінің грамматикасында күрделі етістікті толық бермеген, бірақ мұнда ол аналитикалық формалы етістікті күрделі етістіктен бөліп қарап, оның қимылдың өту сипаты категориясының формасы екенін көрсеткен. А.Н.Кононов етістіктің аналитикалық формасының теориясын бермегенімен, оның күрделі етістік емес екенін таныған, оны грамматикада бөліп көрсеткен. Міне, оны етістіктің аналитикалық формасын ғылымда танудың алғашқы адымы деп қарауға болады.

А.А. Юлдашев түркологияда бірінші рет етістіктің аналитикалық формасының теориялық негізін құрған. Ол күрделі етістік деп саналып жүрген тілдік құбылысқа оған жатпайтын мүлдем басқа-басқа тілдік құбылыстардың жатқызылып жүргенін дәлелдеп, солардың ішінен етістіктің аналитикалық формаларын бөліп алып, олардың грамматикалық құбылыс екенін дәлелдеді: «... два компонента сложного глагола... его структуры являются двумя производящими основами, взаимодействующими чаще всего на паритетных началах. Именно этим в первую очередь отличается сложный глагол от внешне сходной аналитической формы, где в качестве производящей основы фигурирует только первый глагол, а второй вместе с аффиксальным компонентом первого составляет монолитную сложную морфему...» [12, 89]. Ғалым күрделі етістікті күрделі сөз сияқты лексикалық ұғым ретінде тануды міндет етіп қойды. Ол жөнінде мынандай пікір айтады: «... сложное слово предвлагает такое отношение между компонентами, которое способствует своеобразной реализации их лексических значений и которое приводит к возникновению новой лексической единицы является возможность осуществления значений компонентов в новой семантической сфере, которая сопровождается нарушением синтаксических отношений между компонентами» [12, 9]. Мысалы, Қара жердегі ізді

кардағыдай танитын кезім және қай ауылда қандай ұры барын да білемін, көп ұзатпай екі түйені жетелеп, ауылға қайтып келдім» (Б.Тоғысбаев). «Жылқышылармен бірге Отар Оспанның өзін де алдына салып қуып әкел» (Ә.Нұрпейісов). «Кемпірі кеткен бойда Сүйеу қарт тез қозғалып, сырқат балаға жетіп барды» (Сонда). Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: біріншіден, күрделі сөзге тән қасиеттерді күрделі етістіктен те табуға болатындығы, екіншіден, күрделі сөз болсын, күрделі етістік болсын, ол жаңа мағынаның пайда болуы, үшіншіден, оларға сөздік қордан орын алатын сөздер ретінде қарау қажеттігі. Осы тұста А.А.Юлдашевтың етістік сөзжасамына берген анықтамасын келтіруге болады: «Из примов словообразования наиболее значительное явление представляет словосложение – способность языка реализовать возникающее множество новых понятий через посредство лексической единицы более сложного типа, чем отдельное слово, через посредство комплекса слов» [12, 54]. Бұл анықтама жаңа жасалған лексикалық сөз я жаңа ұғымды білдіреді деп тұжырымдайды. Зерттеуші күрделі сөздерді (күрделі етістік) лексикалық единица ретінде алып, оларды құрайтын компоненттердің мағыналы сөздерден тұратынын атап көрсеткен. Автордың пікірінше, күрделі етістіктің басты қасиеті құрамындағы компоненттердің сапасында, лексикалық мағынасында. Күрделі етістіктің екі компонентінде сөз жасауға тең дәрежеде қатысады.

Жалпы түркі тілдеріндегі күрделі етістікті жаңа бағытта когнитивтік тұрғыдан зерттеу қажеттігі туындайды. Себебі етістіктің семантикалық табиғаты көпқырлы, оның функционалды-прагматикалық қызметі түркі тілдерінің өз ерекшелігіне сай түрлі болуы заңды құбылыс. Сондықтан күрделі етістік бүтін біртұтас мағынаны білдіретін тұтас лексикалық тілдік бірлік, яғни күрделі ұғымды білдіретін аталым ретінде салыстыра қарастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Гиганов И. Грамматика татарского языка. – СПб., 1901. 188 с.
- [2] Казембек М.К. Грамматика турецко-татарского языка. – Казань, 1846. 467 с.
- [3] Бетлинг О. Über die Sprach der Jcketen Grammatik. TheHadue, Mouton, 1964. – 581 s.
- [4] Зейналов Ф.Р. Аналитический способ образования глаголов в современных тюркских языках // Советская тюркология и развития тюркских языков в СССР. –Алма-Ата, 1976. – С. 129-130.
- [5] Ганиев Ф.А. Аналитическая морфология тюркских языков: проблемы и задачи // Советская тюркология. –1979. – № 1. –С. 3-9.
- [6] Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. –Т.П. –М., 1952. –543 с.
- [7] Байлиев А.Х. Сложные глаголы в туркменском языке // Проблемы туркменской филологии. –Т.1. –Ашхабад, 1964. –53 с.
- [8] Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. –Л., 1948. –196 с.
- [9] Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе, 1964. –311 с.
- [10] Егоров В.Г. Словосложение в тюркских языках //Структура и история тюркских языков. – М., 1971. – С. 95-107.
- [11] Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.-Л., 1960. – 446 с.
- [12] Юлдашев А.А. Соотношение деепричастных и личных форм глагола в тюркских языках. – М., 1977. – 270 с.